



Бекітемін
«Келешек» санаторлық
бөбекжай – бақшасы КММ
менгерушісі

Г.Ешмуханова

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі
тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2024 – 2025 оқу жылына
арналған «Балауса» ортаңғы тобының ұйымдастырылған іс – әрекеттің
перспективалық жоспары**

Тәрбиешілер: Алтышева З.

Есенбаева Г.

Түсінік хат

2024– 2025 оқу жылында «Келшек»санаторлық бөбекжай-бақшасы КММ-нің «Жауқазын» кіші тобы балаларының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың перспективалық жоспарын құрастыруда төмендегі нормативті-құқықтық құжаттарды басшылыққа алды:

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығына 2-қосымша «Сөйлеу тілі жалпы дамымаған балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру мерзімі бір жас тобында – 1 жыл.

1. Коммуникативтік дағдыларды дамыту – аптасына төрт рет.
2. Сөйлеуді дамыту – аптасына аптасына үш рет.
3. Дыбыстап айту – аптасына бір рет.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2024-2025 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы: «Келешек» санаторлық бөбекжай-бақшасы КММ

Тобы: «Балауса» ортаңғы тобы

Жас ерекшелігі: 3 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі: I жарты жылдық

Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Күтілетін нәтижелер
Коммуникативті дағдыларды дамыту	. "Коммуникация" білім беру саласы "Коммуникация" білім беру саласының базалық мазмұны тіл дамыту арнайы түзеу оқу қызметінде жүзеге асырылады. Мақсаты қоршағандардың сөйлеуіне қызығушылықты және ауызша байланыстырып сөйлеуді дамыту, сөздік қорды кеңейту болып табылады. Міндеттері: 1) сөйлеуді түсінуді дамыту; 2) тілдің лексико-грамматикалық құралдарын қалыптастыру; 3) фонематикалық естуді және сөйлеудің дыбыстық мәдениетін дамыту; 4) байланыстырып сөйлеудің қарапайым дағдыларын қалыптастыру; 5) балаларды құрдастармен қарым-қатынас жасауға ниеттендіру. Коммуникативтік дағдыларды дамыту:	1) ересек адамдармен қарым-қатынасқа жасайды; 2) заттарды олардың сапалық белгілері және функционалдық тағайындалуымен сәйкестендіре алады; 3) кішірейткіш-еркелету, тәуелдік мәніндегі сын есімдерді ажырату; 4) мағынасы бойынша қарама-қарсы және жағдайы бойынша жақын әрекеттер мен белгілерді ажырата алады; 5) кейбір көмекші

	1) ситуативті-іскерлік қарым-қатынас түрінде вербалды және вербалды емес құралдарды жаңғыртуға және қабылдай алу икемділігіне оқыту; 2) ойын жағдаяттарын қолдана отыра, вербалды айқын сұрақтар бойынша диалогтік қарым-қатынасқа оқыту; 3) қатынас орнатушы сұрақтарды қолдануды және түсіне алуды оқыту; 4) мимика және пантомимика көмегімен достық сезімін білдіру, сыпайы түрде өтіну, алғыс білдіру формулаларға оқыту.	сөздердің, табыс, ілік, барыс, көмектес, жатыс септіктердің, зат есім және етістіктің жекеше, көпше түрінің грамматикалық категорияларын түсінеді; 6) сөз тіркестерін, екі құрамды және қарапайым сөйлемдерді қолданады; 7) сұрау сөйлемдерін құрастырады; 8) қарапайым артикуляциялық жаттығуларды орындайды; 9) дұрыс айтылатын дыбыстардан құралатын, ашық және жабық буынды бір,екі,үш буынды сөздерді айта алады; 10) тақпақтар, өтірік өлеңдерді аяқтап айта алады.
Сөйлеуді дамыту	-Жеке дауысты және дауыссыз дыбыстарды, еліктеу сөздерін, сөздерді және қарапайым сөз тіркестерін (2-4 сөз) дұрыс қайталап айтуға үйрету. Артикуляциялық және дауыс аппаратының, сөйлеу кезінде тыныс алу, есту қабілетінің дамуына ықпал ету.	-Ересектердің сөзін тыңдайды және түсінеді.

	- Сөйлеу қарқынын, дауыстың жоғарылығы мен күшін ескеріп, дыбыстардың, сөздер мен сөз тіркестерінің анық айтылуына назар аудара отырып, дауыс аппаратын дамыту, артикуляциялық гимнастика жасау. - Балалардың сөздік қорын: ойыншық, киім, аяқкиім, ыдыс, жиһаз, көгөніс пен жеміс, үй жануарлары мен олардың төлдерінің атауларын, көлік құралдарын және жеке бас гигиенасы заттарын білдіретін зат есімдермен таныстыру. - Ересектердің сөзін түсінуге, шағын әңгімелерді көрнекі сүйемелдеусіз тыңдауға, қарапайым сұрақтарға (Кім? Не? Не істейді?) және неғұрым күрделі (Не әкелді? Кімге әкелді? Неге әкелді? Қашан әкелді?) сұрақтарға жауап беруге, өз ойын айтуға үйрету.	-Жеке дауысты және дауыссыз дыбыстарды, еліктеу сөздерін айта алады. -Ойыншық, киім, аяқкиім, ыдыс, жиһаз, көгөніс пен жеміс, үй жануарлары мен олардың төлдерінің атауларын, көлік құралдарын және жеке бас гигиенасы заттарын білдіретін сөздерді атайды. -Сөздерді және қарапайым сөз тіркестерін (2-4 сөз) қайталап айтады.
--	---	--

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2024-2025 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы: «Келешек» санаторлық бөбекжай-бақшасы КММ

Тобы: «Балауса» ортаңғы тобы

Жас ерекшелігі: 3 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі: II жарты жылдық

Коммуникативті дағдыларды дамыту	. Коммуникативтік дағдыларды дамыту: -сюжеттік бейнелеу кейіпкерлерінде эмоционалдық жағдайды анықтай алуға үйрету: сюжеттік бейнелеу кейіпкерлерінің эмоционалдық жағдайын қабылдай және көрсете алу икемділігі; -ойын ситуацияларын қолдана отыра, отбасы мүшелерімен қарым-қатынас жағдайында коммуникативтік дағдыларды белсендіру; - отбасы мүшелерінің іс-әрекетін және өзінің жеке іс-әрекетін сипаттап бере алу икемділігіне оқыту; - ойын ситуацияларын құра отырып, құрдастарымен қарым-қатынасқа балаларды итермелеу;	- өзі туралы, отбасы туралы, сүйікті ойыншықтары туралы мағлұматты сұрақтарға жауап береді; - кейбір жай көмекші сөздердің, етістіктердің ашық және бұйрық райдағы грамматикалық категорияларын түсінеді; - етістіктің мғынасын өзгертетін қосымшаларды ажыратады; - қарапайым сұрақтарды қояды;
Сөйлеуді дамыту	-Меңгерілген сөздерді ауызша сөйлеуде өз бетінше қолдануға ықпал ету. Еңбек әрекетін (жуу, суару, құю), қарама-қарсы мәндес әрекеттерді (ашу - жабу, кию-шешу, алу-салу),	-Еңбек әрекетін (жуу, суару, құю), қарама-қарсы мәндес әрекеттерді (ашу-жабу, кию-шешу, алу-салу),

	адамдардың қарым-қатынасын (құшақтау, көмектесу), көңіл-күйін (қуану, күлу, ренжу) білдіретін етістіктермен; заттардың түсін, көлемін, пішінін, дәмін білдіретін сын есімдермен байыту. - Балаларды зат есімнің көпше түрін қолдануға, сын есімді зат есіммен, етістіктің өткен шағымен байланыстыру, сөз тіркестерін құра білуге (сын есім + зат есім, зат есім + етістік), сөздердің дұрыс айтылуын, зат есімдердің көпше түрде дұрыс қолданылуын ескеріп, сын есімдерді зат есімнің көпше түрімен сәйкестендіру. - Қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрлеріне баулу, балаларды бесікпен таныстыру, қуыршақты бесікке бөлеп, бесік жырын айтып отырып ойнату арқылы балаларды қамқорлыққа баулу, балаларға бесік жырын күнделікті ұйықтар алдында тыңдатуды әдетке айналдыру, топтағы барлық баланы ересектердің жақсы көретінін сездіру. - Кітаптардағы суреттерді қарау, ондағы таныс заттарды атау, педагогтің өтініші бойынша суреттен заттарды тауып, сұрақ қою: «Бұл кім (не)?», «Не істеді?». Қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беру. -Кейіпкерлердің әрекеттірін (қимылдарын) қайталап ойнату	адамдардың қарым-қатынасын (құшақтау, көмектесу), көңіл-күйін (қуану, күлу, ренжу) білдіретін сөздерді біледі. -Сөйлегенде заттарды сипаттау үшін зат есімдер мен етістіктерді, сын есімдерді қолданады. -Қазақ халқының құндылықтарына қызығушылық танытады. Меңгерілген сөздерді ауызша сөйлеуде өз бетінше қолданады. -Ересектердің сөзін түсінеді, өз ойын айтады.
Дыбыстап айту	-дыбысталып жатқан заттың сипатын ажырата алуды дамыту;	- түрлі дыбыстық топтасудағы екі-үш буынды сөздерді айтады;

	- тілдік және тілдік емес дыбыстарға еліктеуге оқыту. - балаларға қарым-қатынас орнатушы сұрақтарды түсінуді үйрету; - қарым-қатынастың вербалды емес құралдарын түсіне алуды дамыту: таңдану, тәнті болу, өкіну интонациясы, қарапайым эмоция, ым-ишара, қимыл-қозғалыс және мимика бар сұрақтар интонациясы; - қолмен еліктеу қимыл-қозғалыстарын орындай алуға үйрету; ым-ишарамен сәлемдесу немесе қоштасу; интонация: ым-ишараға және мимикаға сәйкес, балаларға қолжетімді вербалды құралдарды белсендендіру.	-саусақ гимнастикасының мәтіндерін, өтірік өлеңдер, қысқа тақпақтарды жаттайды.
--	---	--